



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді 2026 жылдың 9–10 сәуір аралығында Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясының базасында өтетін **«Дене шынықтыру, спорт, туризм, білім және ғылымды дамытудың басым ғылыми-педагогикалық бағыттары»** атты **IV Халықаралық форумға** және **«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері»** атты **IV халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға** шақырамыз.

Жыл сайын өткізілетін Халықаралық форум — дене мәдениеті, спорт, туризм, білім беру және ғылымның сабақтас салалары бағытында дөңгелек үстелдер мен халықаралық конференция аясында ғылыми және практикалық тәжірибе алмасуға арналған кәсіби алаң. Іс-шара ғалымдарды, оқытушыларды, жаттықтырушыларды, білім беру ұйымдарының өкілдерін және бизнес-қоғамдастық өкілдерін біріктіреді.

Форумның мақсаты - кәсіби диалогты қалыптастыруға, ғылыми мектептерді дамытуға және дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру жүйесіне озық тәжірибелерді енгізуге ықпал ету.

Форумның іс-шаралары:

- ✓ 09.04.2026 ж. – «БДШ және спортты дамытудың заманауи тәсілдері» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
- ✓ 09.04.2026 ж. – «Білім алушылардың дене тәрбиесі жүйесіндегі спорттық ойындар» тақырыбындағы дөңгелек үстел.
- ✓ 09.04.2026 ж. – Ұлттық спорт түрлері бойынша шеберлік сыныптары.
- ✓ 09.04.2026 ж. – Жекпе-жек фестивалі.
- ✓ 10.04.2026 ж. – «Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері» атты IV халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның секциялық және пленарлық отырысы.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1. Дене шынықтыру, спорт және туризм саласында кадрларды дайындаудың заманауи ғылыми-педагогикалық негіздері, тілдік құзыреттері және технологиялары (еңбек нарығы талаптарын талдау, дуалды оқыту, болашақ мамандардың soft skills қабілеттерін дамыту және т.б.);
2. Инклюзивті дене шынықтыру және бейімдік спорт: қиындықтар, үрдістер және даму бағыттары;
3. Білім беру және жаттығу үдерісін цифрландыру, сондай-ақ спорт индустриясының цифрлық трансформациясы: IT-шешімдерді зерттеу, әзірлеу және енгізу, онлайн платформалар және геймификация технологиялары;
4. Көшпелі халықтардың дәстүрлі ойындары мен спорт түрлері: мәдени мұра, әлеуметтік тұрақтылық және жаһандану жағдайында трансформация;

5. Орта Азияның геоэкономикалық өзгерістері мен аймақтық интеграция контекстінде туризм кадрларын дайындау;

6. Туризмді креативті экономикамен интеграциялау (ивент-индустрия, кинотуризм, digital-контент, фестивальдік туризм).

Конференцияға қатысу форматы:

- on-line режимде баяндамамен шығу, мақаланы жариялау;
- мақаланы жарияламай, баяндамамен шығу, оның ішінде on-line режимде;
- баяндамасыз, мақаланы жариялау.

- **Регламент:** 10 минутқа дейін.
- **Конференция жұмысының тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысуға қойылатын талаптар.

Баяндама өз бетінше жүргізілген зерттеудің негізгі мазмұнын көрсетуі тиіс. Баяндаманың кіріспе бөлімінде зерттеудің мақсаты мен мәселесі ұсынылуы қажет. Негізгі бөлімде зерттеудің теориялық және практикалық тұжырымдары баяндалады. Қорытынды бөлімде зерттеу мақсатына сәйкес қорытынды жасалады. Баяндаманың ұзақтығы – 10 минутқа дейін. Компьютерлік презентация болуы міндетті. Конференция қатысушылары секция, пленарлық отырыс қатысушыларының сұрақтарына жауап береді.

Конференция қорытындысы бойынша ғылыми еңбектер жинағы электрондық форматта дайындалып, кейін Қазақ спорт және туризм академиясының сайтында жарияланады. Ұйымдастыру комитеті мәтіндердің түпнұсқалығы 60%-дан кем болмауы керектігіне назар аударады. Конференцияға ұсынылған материалдар рецензияланбай, авторлық редакцияда басылады. Аталған талаптарға сәйкес келмейтін және плагиатқа тексеруден өтпеген жұмыстар жариялауға қабылданбайды.

Конференцияға қатысу үшін 2026 жылдың 27 наурызына дейін төменде көрсетілген құжаттарды жіберу керек:

- ✓ Конференцияға қатысуға арналған өтінім нысанын авторлық ұжымның әрбір мүшесі үшін толтыру;
- ✓ мақала жариялау арқылы қатысатын жағдайда, мақаланы «**Мақала мәтінін ресімдеу талаптарына**» сәйкес электрондық пошта арқылы ғылыми форум сайтында көрсетілген мекенжайға жіберу. Хат тақырыбы – «Конференция қатысушысы», файл .doc немесе .docx форматында және баяндама жасаушының фамилиясымен аталу керек, мысалы, «Ахметов_мақала».

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы – 5000 теңге (немесе Ресей рублі, АҚШ доллары, Еуроға тең).

Конференцияға қатысу ақысы материалдардың қабылданғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін төленеді, ұйымдастыру жарнасын төлеу жолдары туралы толық ақпарат беріледі. Төлемді аударғанда «Конференция қатысушысы» деп белгі қою және өзіңіздің толық аты-жөніңізді көрсету қажет.

Жол, тұру және тамақтану шығындары жіберуші тарап есебінен төленеді.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Алматы қ., Абай даңғылы.

Сембаева Алия Амантаевна +7701 752 2999 (ватсап), звонок +7700 174 7484

Тукаева Арайлым Бекболатовна +7707 258 4246

Абдымомунов Ғаламат Абетқанұлы + 7775 640 9885

Жидовинова Анна Вячеславовна (мақалаларды қабылдау) +7 777 055 4232

e-mail: kazast.forum@mail.ru

РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

Конгресс жұмысының бағыты (1, 2, 3, 4, 5, 6)
- біреуін таңдаңыз

ӘОЖ XXX

ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**Иванов С.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа: (120 сөз)

Кілт сөздер: (5-7 сөз)

OLYMPIC SPORT: PROBLEMS AND PROSPECTS

Ivanov S.S., Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan

Abstract:

Keywords:

Негізгі мәтін (ені бойынша туралау).

Кесте 1.

.....				
.....				
.....				

..... (Сурет 1).



Сурет 1.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аты-Жөні. - Баспа қаласы: баспа, жыл. - XXX б.
2. Аты-жөні, тегі аты-жөні // журнал атауы. - жыл. - № XX. – Б. XX-XX.

ҰСЫНЫЛАТЫН МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МӘТІНІН РЕСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

НАЗАРЫҢЫЗҒА! Файл атауында қатысушының тегі және бағыт нөмірі болуы керек (мақала үшін – мақала_Ахметов С.С.; өтінім үшін – өтінім_Ахметов С.С.).

Жинаққа жариялау үшін тек түпнұсқа, бұрын басқа баспа немесе электрондық басылымдарда жарияланбаған материалдар қабылданады.

Материалдар Microsoft Word бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, .doc (.docx) форматында дайындалуы тиіс; қаріп – Times New Roman, өлшемі – 14, барлық жақтан өрістер – 2,0 см, абзацтық шегініс – 1 см (абзацтық шегіністі «пробел» немесе «табуляция» пернелері арқылы жасауға болмайды), аралық – 1, мәтінді ені бойынша туралау. Аралықтарды тығыздау рұқсат етілмейді. Материал көлемі – А4 форматында 5 бетке дейін.

Материалдарды сызықтық безендіру:

1. ӘОЖ (бас әріптермен, сол жақ жиегі бойынша туралау, қаріп өлшемі 14 пт);

Мақала тілінде, қаріп өлшемі 12 пт:

2. Мақаланың тақырыбы (бас әріптермен, қалың әріптермен, ортасына туралау)
3. Автордың аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы (орталыққа туралау);
4. Ұйымның атауы (толығымен), қала және ел (орталықта туралау);
5. Аңдатпа негізгі тақырыптың сипаттамасын, ғылыми мақаланың мәселелерін, жұмыстың мақсатын және оның нәтижелерін қамтуы керек. Аңдатпа көлемі 120 сөзге дейін (ені бойынша туралау);
6. Түйін сөздер. Ұсынылатын сөздер саны 5-7 аралығы (ені бойынша туралау).

Ағылшын тілінде, қаріп өлшемі 12 пт:

Мақаланың тақырыбы (бас әріптермен, қалың әріптермен, сол жаққа туралау);
Автордың аты-жөні, тегі, ұйымның атауы (толығымен), қаласы мен елі (ені бойынша туралау);

Аңдатпа... (ені бойынша туралау);

Түйін сөздер.... (ені бойынша туралау).

7. Әдебиеттер тізімін жасау. МС Р 7.0.5-2008 сәйкес ресімделген әдебиеттер тізімі (5-7 дереккөз), Times New Roman шрифті, кегль 12 міндетті болып табылады.

8. Мәтінге графикалық кескіндер мен кестелер ақ-қара түсте енгізілуі мүмкін, ол үшін мақалада олардың орналасуын сілтемелермен көрсету керек, мысалы – Сурет 1, Сурет 2, Кесте 1 Word форматында.

9. "Антиплагиат" жүйесінде талдау кезінде мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 60%.

10. Мақаланың жекелеген бөліктерін ағылшын тіліне аудару сапасына жауапкершілік жарияланым авторына жүктеледі, автоматты машиналық және онлайн аудармашыларды қолдануға жол берілмейді.

11. Ұйымдастыру комитеті **2026 жылдың 27 наурызынан** кейін келіп түскен немесе аталған талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды жариялауға қабылдамайды.

**«Дене шынықтыру, спорт, туризм және білім беру тәжірибесінің өзекті мәселелері»
IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім
9-10 сәуір, 2026 жыл (өтінімді конференцияға қатысушы толтырады және
kazast.forum@mail.ru поштасына жібереді. Авторлардың толық, қысқартылмаған
аты-жөнін көрсету қажет. Баяндамамен қатысатын автордың жанында
«Баяндамашы» деп белгілеу керек).**

Тегі, аты, әкесінің аты (толық аты-жөні) :	
Мемлекет:	
Қаласы:	
Мекеменің толық атауы:	
Қызмет атауы:	
Ғылыми/академиялық дәреже (бар болса):	
Ғылыми атағы (бар болса):	
Мобильді телефон:	
Электрнды пошта:	
Қатысу түрі баяндамамен, баяндамасыз, on-line/offline:	
Конференцияның бағыты:	
Жарияланым атауы:	